

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық
Қазақ-Түрік университеті
Медицина факультеті


Асқорыту жолдарының ісіктері

Орындаған: Өзбердиев М.
Есжанова Н.

Қабылдаған: Сисенбина Д.

Жоспар

1. Асқазан ісіктері
2. Ішек ісіктері
3. Өңеш ісіктері



Асқазан ісіктері. Полиптер

- * *Полип* дегеніміз асқазан шырышты қабатынан, оның қуысына қарай өсетін, көлденеңі бірнеше сантиметр түйін. Кейде ол аяқшасына ілініп салбырап тұрады. Полиптің пайда болуы қабыну үрдісіне немесе гиперплазияға байланысты. *Қабыну полиптерінің* стромасында созылмалы қабынуға тән жасушалық сіңбелер: лимфоциттер, плазмалық жасушалар болады. Әдетте олар созылмалы гастриттерде табылады, малигнизацияға бейім емес.

Полип



Аденоматоздық полип

- * **Аденоматоздық полип** ісік негізінен безді эпителиден түзілген, эпителий жасушаларының ядролары гиперхромды, ірі. Осы гиперплазиялық үрдістің көрінісі есебіндегі аденоматоздық полиптердің арасында нағыз, ісік, **асқазан аденомасы** кездеседі, олар полип тәрізді құрылымдардың 5-10%-ын құрайды. Асқазан аденомасы факультативтік рақалды үрдісіне жатып, микроскопта қарағанда аденомада дисплазия және малигнизация ошақтары табылады. Асқазан аденомасының малигнизациясы 40%-ке жетеді, кейде ол асқазан рагымен бірге табылады.

Асқазан рагы

Асқазан рагы Қазақстанда қатерлі ісіктер арасында бірінші орында тұрып, рактардың 40%-ін құрайды.

Асқазан рагы



ЭТИОЛОГИЯСЫ

- * Асқазан рагының дамуында рақалды сырқаттар-дың маңызы зор. Оларға:
- * **асқазан жарасы**
- * **безді полиптер**
- * **созылмалы гастрит** жатады.
- * Сонымен қатар рақ осы сырқаттар болмаған жағдайда да кездеседі. Бұл жерде рақ тудырушы әртүрлі заттардың өсерін де есепке алу қажет.

Жіктелуі

- * Асқазан рагын жіктегенде оның орнын, өсу формаларын, сыртқы көрінісін және микроскопиялық түзілісін есепке алады. Рақтың ең көп табылатын жері асқазанның шығаберіс аймағы мен кіші иілімі. Олардан кейінгі орында кіреберіс (кардия) бөлігінің рагы. Асқазанның басқа бөліктерінде рак өте сирек кездеседі. Ісік өте асқынып кеткенде оның алғашқы басталу орнын анықтау мүмкін емес. Рақтың бұл түрін **тоталды рак** деп атайды.

сіктің өсу сипатына қарап асқазан рагының төмендегі түрлерін ажыратады

Экзофитті-экспансивті өсуі басым рактар:

- 1) жазық рак;
- 2) полипозды рак;
- 3) саңырауқұлақ тәрізді (фунгозды) рак;
- 4) жаралы рак

Эвдофитті-инфилтративті өсуі басым рактар:


- 1) сіңбелі-жаралы рак;
- 2) диффузды рак.

Экзо-эвдофитті, аралас түрде өсетін рактар:

бір-біріне өтетін түрлер.

Жазықталған рак

Асқазан рагының алғашқы, басталу кезеңінің бірі болып, шырышты қабықтың 2-3 см көлемінде сәл қалындауымен сипатталады. Әдетте бұл жерде аденокарцинома, сирек жағдайда жетілмеген рак табылады





**Жазықталған
рак**

Полипозды рак

Көлденеңі 2-3 см домалақ түйін түрінде көрінеді, кейде оның сыртында майда бүрлер көрінеді. Бұл жазықталған рақтың әрі қарай дамуы нәтижесінде немесе аденоматоздық полиптерден өсетін ісік. Морфологиясы бойынша бұл аденокарциномаға сәйкес келеді.

Полипозды рак





**Саңырауқұлақ
тәрізді рак**

Полипозды рақтың асқазан ішіне қарама-қарсы (экзофитті) өсуіне байланысты дамиды



САҢЫРАУҚҰЛАҚ ТӘРІЗДІ РАК

Жаралы рак


Асқазан рагының *алғашқы жаралы* түрі шырышты қабықта жара түрінде басталады. Кейде рак тінінің некрозына байланысты ісіктің бетінде жара пайда болады (*рак-жара*). Соны мен қатар асқазанның созылмалы жарасынан да рак даму мүмкін, оны *жара-рак* деп атайды. Микроскоптық көрінісі аденокарциномаға немесе жетілмеген раққа жатады.

**Асқазанның
шырышты
қабықта жара
түрінде пайда
болған рак**



Диффузды рак

Асқазанның шығаберіс бөлегінде өсіп кейде оған бүтіндей жайылады. Бұл кезде ісік жасушалары асқазанның барлық, қабаттарына тарап, асқазанның қабырғасы қалындап, оның шырышты қабаты өз бедерін жоғалтады. Бара-бара асқазан бүрісіп, оның сыртқы формасы ерекше өзгереді, қуысы тарылады. Кесіп қарағанда асқазан қабырғасы қатты, түсі ақшыл болады. Микроскоппен тексергенде скирр немесе шырышты рак көрінеді.



**Асқазанның
шығаберіс
бөлегінде өсіп
шыққан
диффузды рак**

Гистологиялық құрылымына қарап
асқазан рагының төмендегі түрлерін
ажыратады:

Адено-
карцинома

жалпақ
жасушалы
рак

безді-
жалпақ
жасушалы
рак

жетілмеген
рак

жіктелмей-
тін рак

- * *Асқыну турлеріне* асқазандағы рак тінінің некрозына байланысты дамиды: асқазан қабырғасының тесіліп кетуі, қан кету және қабыну жатады.
- * Ісік айналасындағы ағзаларға өсіп тарап, тоқ ішектің бітеліп қалуына, өт жолдарының басылып қалуына, қақпа венасының гипертензиясына, плевра эмпиемасына соқтырады.
- * Интоксикация (улану) нәтижесінде және асқорыту жүйесінің істен шығуына байланысты науқастарда *рақтық кахексия* дамиды. Осы айтылған асқынулар ауру өліміне себеп болады. Сонымен қатар рақты операция немесе химиотерапия жолымен емдеуге байланысты көптеген, өлімге әкелуші, асқынулар пайда болатынын да айта кету керек.

Ішек ісіктері

- * Ішекте жиі кездесетін патологиялық үрдістердің бірі **полип** деп аталады. Полип деп ішектің ішіне қарай (экзофитті) өсетін, кейде аяқшаға ілініп, салбырап тұратын құрылымдарды атайды.
- * Полиптердің көшілігі қабынуға байланысты пайда болады, олар гиперплазиялық патология деп қарастырылады. Полиптердің арасында безді эпителиден өсетін **аденоматозды полиптер** ғана нағыз ісіктер қатарына жатады. Олар көлденеңі бірнеше сантиметр, шырышты қабықпен аяқша арқылы байланысқан, домалақ түйіндер түрінде көрінеді. Полиптердің сырты тегіс немесе бүрлі болады, кейінгілерін **бүрлі (виллезді) ісік** деп атайды. Микроскоппен қарағанда ол безді-бүрлі құрылымдардан тұрады. Бүрлердің үсті биік призмалы, цитоплазмасы ашық реңді боялған эпителимен жабылған. Бұл сырқаттың ерекше түріне *көптеген аденоматозды полиптер* немесе *полипоз* жатады, олар тұқым қуалау жолымен туындап, **отбасылық полипоз** деп аталады. Аденоматозды полиптер, әсіресе виллезді полиптер, ісікалды патологиясына жатады. Ісіктің қауіптілігі оның көлеміне де байланысты. Көлденеңі 4 см ісіктердің тең жартысы малигнизацияланады.

*

аденоматозды полип



Ішектің қатерлі ісігі

Ішектің қатерлі
ісігі - *рак* -
негізінен тік
ішекте

содан соң тоқ
ішектің сигма
тәрізді бөлігінде

бүйен ішекке

сирек
жағдай
да, аш
ішекте




Ішектегі полип

Тоқ ішек ісігі

Ісіктің өсуіне байланысты ішек саңылауы тарылады немесе сол жердегі ісікте жаралар пайда болады. Тоқ ішек карциномасының аденомазды полиптердің малигнизациясы нәтижесінде дамитындығы бүйен ішек карциномасында айқын көрінеді. Ол жердегі рак полип немесе саңырауқұлақ (экзофитті) тәрізді өседі, көпке дейін клиникалық белгі бермейді. Сигма тәрізді ішектегі және тік ішектегі ісіктер әуел бастан циркулярлы (эндофитті) өсіп ішек қуысын тарылтып тастайды. Оның проксималды бөліктері кеңейіп кетіп, клиникасында *ішектің жүрмей* қалуы байқалады. Микроскопта бұл ісіктер негізінен цитоплазмасы қанық боялған аденокарциномалар түрінде көрінеді. Ісіктің 1/4 бөлігін жетілмеген: шырышты (жүзік тәрізді) және майда жасушалы солидты рактар құрайды. Майда жасушалы рактар нейроэндокриндік жүйе ісігіне жатады. Бұл рактар лимфа жолымен аймақтық лимфа бездеріне, қан арқылы бауырға метастаздар береді. Аш ішектің қатерлі ісіктері асқазан-ішек жолындағы карциномалардың тек 1%-ын құрайды. Микроскопиялық көрінісі бойынша олар негізінен аденокарцинома және қатерлі карциноид. Он екі елі ішектен, әсіресе фатер емізігінен өсетін ісік клиникада механикалық сарғаю белгілерін береді.


Ток ішек ісігі



Өңеш ісігі

Қазақстанда ең жиі ұшырайтын қатерлі ісіктердің бірі, әсересе ол жергілікті халық арасында көбірек тараған. Өңештің дамуына тікелей себепші факторлардың ішінде созылмалы эзофагитті, өңеш лейкоплакиясын, полиптерді, тыртықтарды атап өтуге болады. Бұл ауру негізінен өңештің орта және төменгі бөліктері арасында кездеседі.

ӨҢЕШ РАГЫ



Этиологиясы

Қылтамақтың
даму
себептеріне

арақты
салына
ішу

тамақты,
шайды
ыстық
күйінде ішу

ысталған
балықты
жеу

насыбай
ату

Сыртқы көрінісіне қарап

- **Скиррозды рак* өңеш қабырғасына бір тегіс таралып оның белгілі бір бөлігін шеңбер тәрізді қысып, тарылтып, қояды, консистенциясы қатты болады.
- **Ойықты рак* өңештің ішіне қарай өсіп, өзінің жұмсақтығына байланысты тез некрозданады, оның арасында ойықтар (жаралар) пайда болады.
- **Бүртікті рак* өңеш қабырғасынан оның қуысына қарай өседі.

* Назар салып тыңдағандарыңызға мың алғыс.

* Пайдаланылған әдебиеттер:

* А.И.Струков.1997ж.

* В.В.Серов.1997ж.

* М.А.Пальцев.2001ж.

* Н.М.Аничков.2001ж.

* Ж.Б.Ахметов.1993ж.

* WWW.Google.kz

* Youtube